



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппараты басшысының арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 мамыр N 588. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1996.11.09. N 1363 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,

Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппараты Басшысының арасында міндеттерді бөлу бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет Аппараты Басшысының арасында міндеттерді бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 72 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 13 мамырдағы
N 588 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
Премьер-Министрдің орынбасарлары және Үкімет
Аппараты Басшысының арасында
Міндеттерді бөлу

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Ә.М.Қажыгелдин

Үкіметтің қызметіне тікелей басшылық жасау, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың республиканы экономикалық және әлеуметтік дамыту жөніндегі жұмысын үйлестіру.

Үкіметтің реформаларды тереңдешту жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру.

Аумақтық басқару органдарымен өзара іс-қимыл, аймақтарды дамыту және кадр жұмысының мәселелері.

Мемлекеттік инвестициялық саясатты үйлестіру, халықаралық қатынастар, Сыртқы іс минінің, Қорғаныс минінің, Ішкі іс минінің, Әділет минінің, ҰҚҚ-ның, Мемтергеу комының жалпы мәселелері.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары
Н.Қ.Есенғарин

Интеграция комитетіне басшылық. ТМД органдарында Республика атынан өкілдік.

ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитет мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары
Г.Г.Штойк

Республика экономикасының жұмыс істеуінің жедел мәселелері және ТМД елдерімен ынтымақтастық.

Өнеркәсіп, энергетика кәсіпорындарының реформасы. Көлік және байланыс, халық шаруашылығын жұмылдыру әзірлігі,

материалдық-техникалық қамтамасыз ету және мемлекеттік материалдық резервтер, ғылыми-техникалық прогресс, қолданбалы және іргелі ғылым, ішкі сауда, қайталама ресурстарды пайдалану мәселелері. Тұтыну тауарлары, жеңіл өнеркәсіп өндірісі мен рыноктарын дамыту. Ғылым мен техника жөніндегі жоғары консультативтік қеңестің, Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссияның, Қара және тұсті металдарды ұтымды пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекцияның қызметіне басшылық ету.

Көліккоммині, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет, Өнеркәсіпсаудамині, Энергиякөмірмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, Геологиямині, Мұнайгазмині, Қазгеодезия, Мемстандарткомы, Қазпатент, Сауда-өнеркәсіп палатасы, Мемлекеттік аттестациялық комитеті, Жол қоры жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары

В.В. Соболев

Макроэкономика мен әлеуметтік-экономикалық реформалардың жалпы және ағымдағы мәселелері.

Басқару органдары қызметінің тиімділігін арттыру және құрылымын жетілдіру. Мемлекеттік меншікті басқару ұйымдастыру мәселелері. Кеден-тариф және монополияға қарсы саясат.

Республиканың бюджеті мен индикативті болжам-жоспарларын әзірлеуге басшылық жасау, олардың орындалуын бақылау, қаржы, валюта және баға саясатын қалыптастыру.

Халықаралық қаржы-экономика ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау. Сыртқы экономикалық қызмет мәселелері.

Жұмыспен қамту, еңбек және жалақы, әлеуметтік қорғау, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері.

Жұмыс берушілер және кәсіподактар бірлестіктерімен өзара іс-қимыл, әлеуметтік әріптестік мәселелері.

Экономмині, Қаржымині, Еңбекмині, Әлеуметмині, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі және жекешелендіру жөніндегі мемкомитеттері, Мемстанкомы, Мемсақтандыруқадағалау, Кеден комитеті, Ұлттық және мемлекеттік банктер, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, Зейнетақы қоры, Әлеуметтік сақтандыру және жұмыспен қамту қорлары жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары

Ж.С.Кәрібжанов

АгроОнеркәсіп кешені және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету салаларының қызметін үйлестіру. Ауыл шаруашылығы өндірісін, тағам өнеркәсібін және ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатуды дамыту мақсатында инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелері.

Ауылшармині, Экобиоресурсмині, Мемжеркомы, Суресурскомы,

Қазгидромет, Орман шаруашылығы комитеті жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары
И.Н.Тасмағамбетов

Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері, мәдениет, білім беру, жоғары мектеп, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларындағы бағдарламаларды өзірлеу және жүзеге асыру.

Әлеуметтік-саяси процестерді, ұлтаралық қатынастарды зерделеу.
Біліммині, Мәдениетмині, Жастурспортмині, Денсаулықмині, Мемлекеттік авторлық және сабактас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттік, Қазбасархив, ҚазТАГ, Дін істері жөніндегі кеңес, Ономастика және Терминология комиссиялары, Міндетті медициналық сақтандыру қоры жұмысының мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары
Н.А.Шәйкенов

Республикада бірынғай құқықтық саясат өзірлеуді ұйымдастыру, сот-құқық реформасын жүргізу, нарықтық қатынастарға көшудің құқықтық актілерін өзірлеу, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, құқық қорғау органдары жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру, оларды ұйымдық және материалдық нығайту, қылмысқа қарсы құрес мәселелері; Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік актілерін құқықтық сараптауды ұйымдастыру; Үкіметтің заң шығару бастамашылығы тәртібімен енгізетін заң жобаларын өзірлеу; республиканың мұдделері

қозғалатын ТМД-ның нормативтік актілеріне заңгерлік баға беру.

Үкіметтің заң шығарушылық қызметін үйлестіру және заң жобаларының Парламент Палаталарынан өтуіне жауапкершілік.

Әділетмині, Ішкісмині, Қорғанысмині, Үкіметтің Парламенттегі өкілдігі қызметінің мәселелері.

Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
Н.М.Макиевский

Қазақстан Республикасының жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына қөшіру жөніндегі мемлекеттік комиссияға басшылық ету. Құрылыш мәселелері.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті. Құрылыш минінің, Мемкенқадағалау комының мәселелері.

Үкімет Аппаратының Басшысы
С.И.Шуткин

Аппарат бөлімдерінің Үкіметтің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын ұйымдастыру.

Үкімет шешімдерінің және оның басшылығын тапсырмаларының орындалуы мен сапасына бақылау жасау бөлігінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің нормативтік актілері мен республика басшылығының тапсырмаларын орындағаны үшін министрліктер мен ведомстволар басшыларын, облыстар басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар әзірлеу.

Үкіметтің Парламентпен, Президент Әкімшілігімен және аумақтардың әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету. Үкіметтің Баспасөз қызметіне, Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтының жұмысына басшылық ету.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындастырын кадрлар жөнінде келісілген ұсыныстарды зерделеу және енгізу.

Үкіметтің басшылығы өз жұмысын ұйымдастыруда акционерлік және холдинг компаниялармен, басқа да республикалық органдармен, қоғамдық және басқа ұйымдармен қызметтің қадағаланатын бағыттары бойынша өзара іс-қимыл жасап отырады.

Үкімет басшылығының бірін-бірі ауыстырының мынадай тәртібі белгіленеді:

Ә.М.Қажығелдин - Г.Г.Штойк
Г.Г.Штойк - В.В.Соболев

В.В.Соболев - Ж.С.Кәрібжанов
И.Н.Тасмағамбетов - Н.А.Шәйкенов
Н.Қ.Есенгарин - Н.М.Макиевский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК